

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

06.01.2022ж.

Қатысқандар:79

Қатыспағандар:2

Күн тәртібінде:

1. 2-тоқсандағы білім нәтижелерін талдау. Әр мұғалімнің контекстінде тоқсандар бойынша салыстырмалы талдау. Жауаптылар: ОТИЖДО И.Х.Артыкова және Н.В.Чепелева
2. 1-жартыжылдық бойынша тәрбие жұмыстарының талдауы және 2-жартыжылдыққа қойылатын мақсаттар. Жауапты: ТІЖДО И.Г.Дубовская
3. Мұғалімдердің біліктілік санатын көтеру. ИІЖДО Ердесова Р.Б.

Тыңдалды:

Сөз сөйледі:

1. ОТИЖДО-лары И.Х.Артыкова мен Н.В.Чепелева пед.ұжымды 2021-2023 оқу жылының 2-тоқсаны бойынша үлгерім нәтижелерімен таныстырды.

Мақсаты:

1. 2021-2023 оқу жылының 2-тоқсаны бойынша бастауыш сыныптарының білім сапасы мен үлгерім нәтижелерін талдауын жүргізу .
2. Оқушылардың үлгермеушілігі мен артта қалуының алдын алу және жеңу бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің жұмыс жүйесін талдау және түзету.
3. Оқушылардың үздік және жақсы нәтижелеріне қол жеткізудегі мұғалімдердің оң тәжірибесін анықтау және қорытындылау.

2-тоқсан барысында мұғалімдер басым бағыттар бойынша жұмысын жалғастырды:

- Мектеп оқушыларының табысты әлеуметтеуіне жағдай жасау
- Оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруына және олардың құзыреттілігін дамытуға жағдай жасау

2-тоқсан бойынша қорытынды :

20221-2023 оқу жылының 2-тоқсан басында 1025 оқушы,тоқсан барысында 22 оқушы келді,41 оқушы кетті.Тоқсан соңында жалпы оқушы саны 1006 құрады.

Оқыту кезеңдері	Тоқсан бысында оқушылар саны	келді	кетті	Тоқсан соңында оқушылар саны
1-4 сыныптар	579	16	25	570
5-9 с.	391	6	16	381
10-11 с.	55	-	-	55
барлығы	1025	22	41	1006

Оқушылардың кету себептері – тұрғылықты жерін өзгертуге, оқудан шығаруға, ұзақ жолға, жол ақысына байланысты оқу орнын ауыстыру. Оқушының кетуі ата-ананың өтініштерімен расталып, бұйрық кітапшасына енгізіліп, басқа мектептің анықтамасымен расталған.

Екінші тоқсанда мектепті 1006 оқушы бітірді.

1 кезең (2-4 сыныптар) -570 оқушы

2 кезең (5-9 сыныптар) -381 оқушы

3 кезең (10-11 сыныптар) -55 оқушы

Мектептің 1 тоқсан бойынша үлгерімі -100% ; білім сапасы - 58%

Қысқы демалыс барысында 10 оқушы келді, 12 оқушы кетті. 3 тоқсанды 1004 оқушымен бастаймыз.

«Арофат» мектебінің 5-11 сыныптар бойынша 1-жартыжылдық есебімен ОТИЖДО Чепелева Н.В. таныстырды.

1-жартыжылдықты 446 орта және жоғары буын оқушылары аяқтады. Олардан «5»-75 оқушы;

«4» пен «5»-202 оқушы. Бұл 1 тоқсанға қарағанда 61 оқушыға көбірек. Үлгермеуші оқушы жоқ.

9 «В» с. оқушысы Братчикова В. қорытылмаған.

Орта көрсеткіш-3,5; білім сапасы-46,1%; үлгерім-99,7%

2020-2021 оқу ж. 1-тоқсан бағаларымен салыстырғанда осы 2021-2022 оқу ж. 1-тоқсанында білім сапасы 2% төмендеді.

1-жартыжылдықтың толығырақ талдауы:

60%-дан жоғары білім сапасын көрсеткен 4 сынып:

сынып	Сынып жетекшісі	+/-	Білім сап. 1-тоқсан	Білім сап. 2-тоқсан
5В	Умирзакова У.Ш.	+5%	59%	64%
10А	Якубова О.А.	+8%	70%	78%
11А	Чепелева Н.В.	-	73%	73%
11Б	Чепелева Н.В.	-	65%	68%

40%-60%-ға дейін білім сапасын 10 сынып көрсетті:

сынып	Сынып жетекшісі	+/-	Білім сап. 1-тоқсан	Білім сап. 2-тоқсан
5А	Шерметова Г.М.	+4%	46%	50%
5Б	Ашурова Ф.Б.	-5%	50%	45%
6А	Аманкелді А.С.	+1%	42%	43%
6Б	Писарева М.В.	-2%	50%	48%
6В	Казакова О.С.	+7%	40%	47%
6Г	Кирдяйкина А.А.	-8%	50%	42%

7Г	Ердесова Р.Б.	-9%	63%	54%
8А	Рожкова Т.Т.	+2%	43%	45%
8В	Стамбеков Н.А.	-	44%	44%
9В	Фисунова О.С.	-9%	56%	47%

40%-дан төмен білім сапасын көрсеткен 7 сынып:

сынып	Сынып жетекшісі	+/-	Білім сап.1-тоқсан	Білім сап.2-тоқсан
5Г	Шарипова З.Р.	-55%	44%	39%
7А	Сапарова Ю.Н.	-1%	21%	20%
7Б	Байменова Г.Т.	-9%	42%	33%
7В	Ефремова Н.Ю.	-6%	42%	36%
8В	Макарова С.Б.	-9%	42%	33%
9А	Нурлыбекова Л.К.	-8%	43%	35%
9Б	Чепелева Н.В.	-1%	36%	35%

Пәндер бойынша білім сапасын талдағаннан соң бірнеше кемшіліктер анықталды.

Білім сапасын 5-11 с.көтеру үшін:

- 1.ӘБ жетекшілері оқушылардағы олқылықтарды жою жұмыстарын жүйелі түрде қадағалап отыруы керек.
- 2.Пән мұғалімдері оқушылармен қосымша жұмыстарын күшейту қажет.
- 3.Кәсіби шеберлігін арттыру және әріптестерімен тәжірибе алмасу бойынша жұмысты жалғастыру.
- 4.Білім сапасының төмендегенін көрсеткен мұғалімдер олқылықтардың орнын толтыру бойынша жазбаша жоспар мен қосымша сабақ кестесін директордың орынбасары Н.В.Чепелеваға және ӘБ жетекшілеріне ұсынуы қажет.

2. 1-жартыжылдық тәрбие жұмыстары бойынша ТІЖДО И.Г.Дубовская дайындаған баяндамасы тыңдалды.

2.1.1-Қыркүйек күні «**Сыңғырла күміс қоңырау**» атты салтанатты жиын өткізіліп, 1- сынып оқушылары салтанатты түрде мектепке қабылданды.

Жиынға барлық сынып оқушылары мен ата-аналар, қалалық білім беру ұйымынан келген қонақ және ауыл тұрғындары қатысты. Бұл шараның мақсаты 1-сынып оқушыларын салтанатты түрде мектеп табалдырығына қабылдау, оқушылардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, рухани мәдениетін арттыру, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

2.2. Қыркүйектің 2-6-сы аралығында Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде іс—шаралар ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында «**Мерейлі Отбасы**» тақырыбында ата-аналар мен оқушылар арасында спорттық жарыстар өткізіліп, жеңімпаз деп танылған отбасылары арнайы мадақтамалармен марапатталды.

Қыркүйектің 13-і күні **«Отбасы күні»** мерекесіне байланысты және **1 сынып** оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек көрсету мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жианлысқа 1-8 сынып ата-аналары қатысты.

Жиналыста директордың ТЖ орынбасары Дубовская И.Г. ата-аналарды отбасы мерекесімен құттықтап, отбасы тәрбиесіне байланысты видео роликтер көрсетіп, ситуациялық сұрақтар қойып пікір алмасты. Ата-аналар да белсенді қатысып өз ойларын айтып, толғандырған сұрақтарына жауап алды.

Мектеп Психолгы Казакова О.С. 1-сынып ата-аналарымен психолгиялық тренингтар өткізіп, сауалнама жүргізді және ата-аналарға қандай көмек қажет болса да есікашық , көмек көрсетуге дайыне кенінайтып түсіндіріп өтті.

Іс-шараны өткізудің мақсаты – оқушыларға отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасын құрметтеуге, ата-ананы, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.

2.3. Қыркүйектің 16-24 аралығында 1-8 сынып жетекшілері "Абайланыз балалар" ашық сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағатында оқушылардың жолда дұрыс жүріп, қоғамдық көліктердің күнделікті тұрмыста алатын орны туралы, жол белгілеріна жыр ата білуді үйретті. Директордың ТЖ орынбасары Дубовская И.Г. және мектеп психологы Казакова О.С. «Балалардың құқығын қорғау комитетінің» сенім телефондары мен таныстырып, ескертпелер, буклеттер, ақпараттық материалдар таратты.

2.4. Қыркүйектің 16-24-сы аралығында Директордың ТЖ орынбасары Дубовская И.Г. **«Қауіпсіздік шұғыласы»** тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырды. Байқауға 1-8 сынып оқушылары қатысып тақырыпқа сай сурет салған оқушылар марапатталды.

2.5. Қыркүйектің 24-і күні мектеп хореографы Ю.Х. Исаметов 1-8 сынып оқушыларымен **«Жол ережесін сақтаймыз»** тақырыбында флешмоб өткізді.

2.6. Қыркүйектің 26-сы күні ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста «Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері» бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ақпараттар таратылды. Балалардың құқытары заңды мүдделері бұзылған жағдайда және балаға қауіп төнген жағдайда, сонымен қатар интернет желілерінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік және басқа да органдарға сенім телефондары арқылы өтініш білдіруге болатыны туралы айтылып, ақпараттық материалдар таратылды.

2.7. Қыркүйектің 13-17 аралығында мектебімізде рухани жаңғыру аясында тілдер мерекесіне арналған **«Менің тілім-ана тілім, бал тілім»** тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Онда әр сынып жетекшілері ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Оқушылар **«Мәңгілік еліміздің мәңгілік тілі»** тақырыбында шығармалар жазып үздік шығарма иелері мен үздік қабырға газеттері марапатталды. Мереке соңында ТЖ Дубовская И.Г. **«Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз»** мерекелік кешін өткізді.

Мақсаты: Мемлекеттік тілді құрметтенуге, мәртеесі биік рухани құндылық екенін үнемі назарда ұстап, тіл жанашыры болуға насихаттау.

2.8. Қыркүйектің 23-і мен Қазанның 1-і аралығында **«Қарттарым- асыл қазынам»** тақырыбы аясында іс-шара ұйымдастырылып, онда Жас Ұлан Ұйымы жалғыздікті қарттарға қол көмегін көрсету мақсатында үйлеріне барып қол ұшын тигізіп көмектесті. Қазанның 1-і күні **«Қарттарым аман жүрші»** тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты рухани адамгершілік тәрбие беру, оқушыларды үлкенді сыйлап тыңдай білуге, мейірімділікке, инабаттылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

2.9. Қазанның 5-і күні ұстаздар күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Онда жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып пен ұстаздарға сабақ беріп, **«Ұстазым менің, ұстазым»** атты мерекелік ән шашуларын тарту етті.

Мақсаты рухани адамгершілік тәрбие беру, ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

2.10. Қазанның 18-22-і аралығында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста директордың ТІЖ орынбасары И.Г.Дубовская **«Жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу»** тақырыбында баяндама оқыды. Келесі сөз кезегі сынып жетекшілеріне беріліп, 1-8 сынып жетекшілері І-тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналарға мәлімдеме жасап, оқушылардың үлгерімі мен тәртібі туралы айтып өтті. Жылу маусымы кезіндегі газдан, пештен болатын өрт және түтіннен уланудың алдын алу Ережесі туралы ата-аналарға түсіндіріп, қауіпсіздікті сақтау әр ата-ананың міндеті екенін қатаң ескертіп өтті.

2.11. Қарашаның 22-сі мен 26-ы аралығында **«Рухани жаңғыру»** аясында ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған іс-шаралар жоспарланып келесідегідей іс-шаралар өткізілді.

Қарашаның 25-29-ы күндері 1-8 сынып жетекшілері Тұңғыш Президент күніне арналған ашық тәрбие сағатын өткізді.

2.12. Желтоқсанның 13-15 аралығында 1-8 сынып жетекшілері Тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттарын өткізді.

Желтоқсанның 13-і күні 5 сынып оқушыларын салтанатты түрде ТІЖ Дубовская И.Г. Жас Ұлан Ұйымына қабылдады, жиын соңы **«Тәуелсіздіктің ақ таңы атып келді»** тақырыбында мерекелік іс-шараға барлығы 40 оқушы қатысып, қала тұрғындары мен ата-аналар қонақ болды.

Мақсаты оқушыларды азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеу.

2.13. Желтоқсанның 20-23 арлығында сынып жетекшілері 1-8 сынып ата-аналарымен **«Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережесі»** қауіпсіздік ережесімен таныстырып ата-аналар жиналысын өткізсе, жиналыс соңында мектеп психологы ата-аналармен **«Ата-ана махаббатының түрлері»** тақырыбында әңгімелесіп, психологиялық тренингтер өткізді.

Мақсаты оқушылардың каникул кезіндегі, қыс мезгіліндегі өмір қауіпсіздігін сақтандыру.

2.14. Желтоқсанның 27-і күні сағат 11:00-де 1-4 сынып аралығында **«Сиқырлы Жаңа-жыл»** ал 15:00-де 5-8 сынып аралығында **«Қош келдің, Жаңа-жыл»** атты шырша мерекесі өткізілді. Ертеңгілікке барлығы 42 оқушы қатыстып, Аяз атаға арнап ән салып, би билеп өз өнерлерін көрсетті.

3. Үшінші мәселе бойынша ИЖДО Ердесова Р.Б. **«Арофат»** мектебі мұғалімдерінің аттестациядан өтуі» туралы баяндамасын оқыды.

Білім сапасын арттыру ұстаздардың кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты, бұл әрбір білім беру ұйымының нәтижелі жұмысының жемісі. Сондықтан мұғалімдердің біліктілік деңгейін анықтау құралы ретінде аттестацияның маңызы зор. Білім беруде қалыптасқан жағдай мұғалімдердің біліктілігіне, оның ішінде аттестациясына қойылатын талаптарды күшейту міндетін қойды. Қазақстан республикасының **«Педагог мәртебесі туралы»** Заңын іске асыру мақсатында бірқатар заңға тәуелді актілер қабылданды, олар қабылданған кезде барлық бекіту рәсімдерінен өтті әзірлеу бекіту қағидаларымен реттеледі. және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы 568 қаулысымен бекітілген», - деп жазды Асхат Аймағамбетов депутаттық сауалға берген жауабында. Ол 2022

жылдың басынан бастап қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізілгенін түсіндірді.

1. 1 кезең: НКТ (100 сұрақ) + эссе (250-300 сөз, тапсырмада тақырып көрсетіледі)
2. 2 кезең: Мұғалім портфолиосы (мұғалім сайтқа жүктеген)

2022 жылы сол немесе басқа біліктілік санатын беру/растау қажет еткен мұғалімдердің тізімі:

1. Дигаи Ирина Михайловна – бастауыш с. мұғалімі
2. Долгих Виктория Викторовна – бастауыш с. мұғалімі
3. Ирисова Шахноза Бахадировна – бастауыш с. мұғалімі
4. Ишанкулова Зарина Азадовна – бастауыш с. мұғалімі
5. Кан Лилия Ильинична – бастауыш с. мұғалімі
6. Коновалова Елена Владимировна – бастауыш с. мұғалімі
7. Лукина Ирина Владимировна – бастауыш с. мұғалімі
8. Насырова Аида Ариповна – бастауыш с. мұғалімі
9. Платонова Мария Владиславовна – бастауыш с. мұғалімі
10. Юнусалиева Гульмира Акмалхановна – бастауыш с. мұғалімі
11. Нарметова Чарос Таиршиковна – қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі
12. Кудасова Лилия Усербековна – орыс тілі және әдебиеті мұғалімі
13. Рожкова Татьяна Ивановна – орыс тілі және әдебиеті мұғалімі
14. Альбисенова Марал Ибрагимовна – математика пәні мұғалімі
15. Кирдякина Анастасия Александровна – география пәні мұғалімі
16. Умирзакова Улбике Шаншархановна – тарих пәні мұғалімі
17. Байменова Гульнур Толеуовна – еңбек, өнер пәні мұғалімі
18. Дайтхе Елена Владимировна – еңбек, өнер пәні мұғалімі
19. Казакова Ольга Сергеевна – педагог-психолог
20. Атажанов Атабек Галимжанович – дене шынықтыру мұғалімі
21. Писарева Мария Владимировна – денешынықтыру мұғалімі
22. Хадиметова Севара Анваровна – денешынықтыру мұғалімі

Жоғарыда аталған мұғалімдер 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды аттестациялауға өтініш (еркін нысанда) тапсыруы қажет.

Қаулы:

1. Оқушылардың білім сапасындағы олқылықтарды жою жұмыстарының барысы 2 тоқсан қорытындысы нәтижесінде пән мұғалімдері жүйелі, жоспарлы түрде ұйымдастырсын.
2. Білім деңгейлері 4,9 сыныптарда ай сайын алынып, тексеру жұмыстары ата-аналар жиналысында 4,9 сынып ата-аналарыны жеткізіліп, ата-аналар тарапынан қолға алынсын. ҰБТ-ға оқушыларды дайындау, пән мұғалімдері дайындық жұмыстарын күшейтсін.
3. ТІЖДО И.Г. Дубовскаяның мектеп тәрбие ісі бойынша атқарылған жұмыстар есебі қанағаттанарлы деп табылсын
2. Педагог кадрларды аттестациялау мәселелері мен шешімдері туралы ұсыныстары жоспарлансын

Төрайымы:  Р.В.Пак

Хатшы:  Ю.Н.Сапарова

